«Шардара» мектеп-лицейінің 2025-2026 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық есебі

Психолог қызметінің негізгі бағыттары

Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау. Оқушылардың жан саулығын сақтауына және олардың кәсіби жетістікке жетуіне мүмкіндік жасау, педагогтардың шығармашылық потенциялын ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылықпен ойлауын дамыту.

Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Жоспарға төмендегідей міндеттер енгізілген:

- Білім беру ісінің жаңартылуын басшылыққа ала отырып, балаға деген көзқарасты өзгерту;
- Баланың мектепке бейімделуі және бірінші сыныпқа қабылдау;
- ҰБТ-ге дайындық іс-шараларын жүргізу;
- Дарынды балалармен жұмыс
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
- Аутоагрессивті балалармен жұмыс
- Педагогтардың қарым-қатынас біліктілігін, психологиялық-педагогикалық дағдысын жетілдіру:
- Жас мамандармен жұмыс;
- Топтық және жеке түзету-дамыту жұмыстары
- Ата-аналарымен жүргізілген психологиялық ағарту, сауықтыру, тренинг жұмыстары
-
- Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс ;

Мақсаты: Психологтардың 2025-2026оқу жылында атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, есеп беру.

Мектеп психологтары: Жұмабаева Феруза Зұлпыхарқызы.

Арын Арайлым Жұматайқызы.

Оқу жылы басында 1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау мақсатында, мектепке бейімделу деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Оқудың бірінші күнінен бастап, барлық 1-ші сынып оқушыларын айналамен таныстыруға: асхана, спорт зал, мұражаймен, спорт алаңымен, акт залымен және

т.б. мектеппен тереңірек танысу экскурсиясына сынып жетекші және психологпен бірлесіп, таныстырылды.

Scanned with CamScanner

Жаттығудың мақсаты: топтың етене жақын танысу үшін жағдай жасау, ауызбіршілігін көтеруге, танымдық процестерін дамытуға, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Оқушыларға сабақтың мақсаты мен оның өтілуі түсіндіріледі, сонымен бірге топтағы қарапайым мінез ережелері енгізіледі. Әрбір сабақты көңіл-күйді анықтаудан бастаймыз.

Осындай жаттығуларды орындату барысында оқушы бойында жақсы дағды қалыптастыру мүмкіндігі бар.

Оқушылардың жалпы мектепке бейімделу деңгейінің анықтау қорытындысы бойынша: әрбір сабақтың қорытындысы сұрақ-жауап арқылы аяқталады.

5 сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне сауалнама жүргізілді.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі жақсы деңгейде, бірақ әр сыныптан 2-3 оқушыдан үлгерімі төмен оқушылар анықталды. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне үлгерімі төмен оқушылардың мінез-құлқының жан-жақты ашылуына қолдау көрсетілуі қажеттігі жөнінде кеңестер берілді.

1сынып оқушыларының ата-аналарына „Психологиялық кеңес" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: баланың мектепке ертерек бейімделуіне жағдай жасау, отбасы мен мектеп ынтымақтастығының берік іргетасын қалау және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. Жиналыстың басында 1-ші сыныптың ата-аналарынан сауалнама алынды.

1 сынып оқушыларының ата-аналарына балаларын бақытты ету екендігін еске түсіру үшін, жағымды эмоционалдық күй келтіретін, жылы сезімдер

туғызатын балалар мен ата-аналарды байланыстыратын ізгілік, биік сезімдер туралы еске түсіретін „Әке мені вальске шақыршы", „Ананың сөзі", Баланың өзіне сенімді болуы, өзін-өзі бағалауы орынды болуы, батыл, бастамашыл болуы үшін видеороликтер көрсетілді.

Аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша түзілген жұмыс жоспарының орындалуы.

Мектеп оқушыларының аутоагрессивті мінез-құлықтарының алдын-алуына байланысты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, оқушылармен төмендегідей тақырыптар бойынша жұмыстар атқарылды.

Көктем, күз айларында аутодеструктивті мінез-құлықты алдын-алу мақсатында 4-11 сыныптар арасында «Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы «Өмірде жоқ жануар», «Кішкентай адамдармен ағаш»

Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі, «Басс және А.Даркидің агрессия түрлері және көрсеткіштерін диагностикалау, Спилберген-Ханиннің әдістемесі, 5-11 сыныптар арасында «Жалғыздықтың субъективті сезім»,

Scanned with CamScanner

«Суицид қаупі картасы» сауалнамасы авторы Л.Б.Шнейдер, «Интернетке тәуелділік шкаласы», Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы, «Саған қалай қарайды» экспресс сауалнамасы, «Үмітсіздік шкаласы», «Жалғыздықты сезіну шкаласы»,«Өміршеңдікті диагностикалау әдістемесі» диагностикалары алынып, нәтижесі шығарылды.

Түзету-дамыту сабағынан кейінгі көрсеткіште қауіп тобына кіретін оқушылар жоқ.

Балалар мен жасөспірімдердің өмірге құштарлығын арттыру бойынша атқарылған жұмыстар.

Жасөспірімдердің өмірге деген құштарлығын қалыптастыру, арттыру. Өмірдің маңыздылығын сезіндіру, салауатты өмір салтын сақтауға ықпал жасау. 5-9 сыныптар аралығында «Мен өмірге құштармын», «Мен бақытты өмір сүруге

лайықтымын», «Бақытым да, байлығым мәнді өмірім», «Салауатты өмір салтын ұстану» атты тақырыпта тренинг сабақтар, сауалнамалар, пікірталастар өткізілді.

«Психолог кеңесі» тақырыбы оқушылардың өмірге құштарлығын арттыру мақсатында, оқушылармен жеке диагностикалық жеке топтық түзету –дамыту жұмыстары арнайы жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіліп жатыр. «Балалар мен жасөспірімдер арасында аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын-алу себептері мен мінез-құлық ерекшеліктері «Бақыттың кілті өмірде», «Мен таңдаған өмір», «Мен өмірді сүйемін» атты тақырыптарда алдын-алу, ағарту, түзету, психологиялық тренинг сабақтар жүргізілді.

Мектеп оқушыларына практикалық көмек көрсету үшін әлеуметтік-психологиялық қызметтердің, «сенім телефонының» желісі туралы мәлімет.

«Шардара» мектеп-лицейінде «Психологиялық қызмет орталығы» жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын-алу жұмыстары бойынша ата-аналармен танымдық-ақпараттық мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жалпы мектепте ереже бойынша құпиялы сенім жәшігі орнатылған. Түрлі тақырыптарда құпиялы хаттар салынып, психологиялық ахуалы анықталып, жеке тұлға ретінде алдын-алу ағарту жұмыстары жүргізіліп тұрады.

«7-11 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыста психолог ата-аналарға жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын алдын-алу мақсатында біраз ауқымды мәліметтер беріп өтті.

Мектеп әкімшілігінің жиналысында 2025-2026оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық есебі қорытындыланды.

Scanned with CamScanner





1. **Диагностика нәтижелері**

1. 5-11сыныптар оқушыларынан «Интернетке тәуелділік шкаласы» К.Янг диагностика алынды.

Диагностика нәтижесі үш деңгейде қаралады.

Төмен деңгей- интернетті қалыпты қолдану

Орташа деңгей- тәуелділік қаупі бар

Жоғары деңгей- интернетке тәуелділік белгілері айқын байқалады.

Бұл диагностика нәтижесінде оқушылар арасында Интернетке тәуелділік байқалмады.

2. К.Риффтің психологиядық әл-ауқатын тұжырымдамасы бқйынша жасөспірімдердің әл-ауқатын арттыру мақсаты- олардың тұлғалық дамуын қолдау, эмоционалдық тұрақтылығын күщейту және өмірге қанағаттануын арттыру. Диагностика нәтижесі бойынша жасөспірімнің психологиялық

әл-ауқаты орташа деңгейде анықталды. Өзін-өзі қабылдау және тұлғалық өсу көрсеткіштері бойынша қанағаттанарлық деңгей көрсетті.

3. Ақпан айында 10-11сыныптар арасында Аутодеструктивті мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау, оқушылардың өміршеңдіктік деңгейін, стресс жағдайларына төзімділігін және қиындықтарды жеңу қабілетін анықтау

Scanned with CamScanner

мақсатында : «Өміршеңдікті диагностикалау әдістемесі» алынды. Әдістеме сауалнама жеке немесе топтық түрде жүргізілді.

Бұл әдістеме мектеп психологына оқушылардың эмоцияналдық және психологиялық тұрақтылығын бағалауға көмектеседі.

Әдістеме нәтижесі бойынша оқушыларда өміршеңдік деңгейі қалыпты екені анықталды.

4. 5-11сынып оқушылар арасында Аутодеструктивті мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау мақсатында: «Спилбергер-Ханиннің мазасыздық шкаласы» бойынша тест алынды. Әдістеме нәтижесінде оқушыларда ешқандай мазасыздық байқалмады.

2.Түзету-дамыту

«Шардара» мектеп-лицейінде 2025–2026 оқу жылында түзету-дамыту бағыты бойынша жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың психологиялық дамуын қолдау, танымдық процестерін жетілдіру, эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және әлеуметтік бейімделуін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының басында психодиагностикалық зерттеу нәтижелері негізінде психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар анықталып, олармен жеке және топтық түзету-дамыту сабақтары ұйымдастырылды. Жұмыс барысында оқушылардың зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін, коммуникативтік дағдыларын дамытуға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және эмоционалдық күйзелістердің алдын алуға бағытталған әдістер мен жаттығулар қолданылды.

Жыл бойы жоспарға сәйкес түзету-дамыту сабақтары өткізілді. Сабақтарға қатысқан оқушылардың басым бөлігінде танымдық белсенділіктің артуы, оқу мотивациясының жоғарылауы, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасының жақсаруы байқалды. Эмоционалдық тұрақтылық көрсеткіштері жақсарып, кейбір оқушылардың мазасыздық деңгейі төмендеді.

Түзету-дамыту жұмыстары аясында сынып жетекшілерімен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, оқушыларды психологиялық қолдау бойынша ұсыныстар мен кеңестер берілді. Қажетті жағдайларда жеке консультациялар ұйымдастырылды.

Жылдық жоспар бойынша қойылған міндеттер негізінен орындалды. Алдағы оқу жылында оқушылардың психологиялық саулығын нығайтуға, тұлғалық дамуын қолдауға және білім беру процесіне тиімді бейімделуіне бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Scanned with CamScanner

3. Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша

Оқу жылы ішінде 5–11 сынып оқушыларымен «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында түсіндірме жұмыстары өткізілді. Іс-шара барысында буллинг пен кибербуллингтің түрлері, оның психологиялық салдары, алдын алу жолдары және көмек сұрау тәсілдері туралы ақпарат берілді. Оқушыларға өзара сыйластықты сақтау, қауіпсіз қарым-қатынас орнату және интернет кеңістігін дұрыс пайдалану жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында 1–11 сынып оқушыларымен түрлі профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру. Іс-шаралар барысында оқушыларға құқықтық және психологиялық қолдау көрсету мәселелері түсіндірілді.

Ата-аналар арасында психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында тренингтер өткізілді. Тренинг барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, отбасындағы қолайлы психологиялық ахуалдың маңызы, балаға қолдау көрсету және тиімді қарым-қатынас орнату мәселелері қарастырылды. Ата-аналарға баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу бойынша ұсыныстар берілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың буллинг пен зорлық-зомбылық мәселелері туралы ақпараттану деңгейі артты, ал ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты психологиялық-педагогикалық білімдері кеңейтілді.

4. Алдын алу, ағарту бағыты

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 5–11 сынып оқушыларымен «ДосболLike» тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, өзара сыйластықты қалыптастыру, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау мәселелері қарастырылды.

1–11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз орта – сенімді қадам» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренингтің мақсаты – оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін дамыту болды.

Сонымен қатар, 1–11 сынып оқушыларымен «Стресс-күйзеліске берілмей, өзіңді басқар» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға күйзелістің белгілері, оны жеңудің тиімді жолдары, эмоцияларды басқару және психологиялық тұрақтылықты сақтау тәсілдері туралы ақпарат берілді.

Оқу жылы ішінде аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтауға арналған тестілеу нәтижелері бойынша тәуекел тобындағы оқушылармен жеке сұхбаттар өткізілді. Қажетті жағдайда ата-аналарға ақпарат

Scanned with CamScanner

беріліп, оқушылар «Психологиялық-педагогикалық қолдау тобының» бақылауына алынды. Сонымен қатар, қажеттілігіне қарай арнайы мамандарға жолдау жұмыстары ұйымдастырылды.

Жүргізілген профилактикалық және ағартушылық жұмыстар оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, эмоционалдық саулығын нығайтуға және әлеуметтік бейімделуін қолдауға бағытталды. Ата-аналар мен педагогтердің психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілді.

5. Кеңес беру бағыты

Кеңес беру қызметінің негізгі мақсаты – білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге психологиялық қолдау көрсету, туындаған психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуге көмектесу және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру болды.

Оқу жылы барысында оқушыларға жеке және топтық кеңестер берілді. Кеңес беру жұмыстары оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, сыныптастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасын жақсарту, өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру, эмоциялық күйзелістердің алдын алу, кәсіби бағдар беру және тұлғалық даму мәселелерін қамтыды. Қажет болған жағдайда оқушылармен бірнеше рет жеке кездесулер ұйымдастырылып, тиісті ұсынымдар берілді.

Ата-аналарға бала тәрбиесі, жас ерекшелік психологиясы, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас, оқу үлгерімін жақсарту, интернет қауіпсіздігі, эмоциялық қолдау көрсету және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты жеке кеңестер берілді. Кеңес беру барысында ата-аналарға баланың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып тиімді тәрбие әдістерін қолдану жөнінде ұсыныстар жасалды.

Педагогтермен жүргізілген кеңес беру жұмыстары оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, сыныптағы психологиялық ахуалды жақсарту, қиындық туғызатын оқушылармен жұмыс жүргізу және білім беру процесінде психологиялық қолдау көрсету мәселелеріне бағытталды.

Диагностикалық зерттеулер нәтижесінде ерекше назар аударуды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, ата-аналарымен байланыс орнатылды. Қажетті жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіліп, арнайы мамандардың көмегіне жүгіну бойынша ұсынымдар берілді.


Кеңес беру жұмыстары барысында психологиялық этика қағидалары мен құпиялылық талаптары сақталды. Барлық сұраныстар бойынша тиісті психологиялық көмек көрсетіліп, ұсыныстар берілді.

Кеңес беру бағыты бойынша жоспарланған жұмыстар толық орындалды. Жүргізілген кеңестер білім алушылардың психологиялық саулығын нығайтуға, ата-аналар мен педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға және мектептегі қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыруға ықпал етті.

Scanned with CamScanner

Жаңа оқу жылының басында, жоспарға сай жылдық жоспар түзіліп бекітілді. Жоспарға сай мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау мақсатында «Керн-Йирасек» тесті:

- Ер адамның суретін салу;
- Сөздер көшірмесі;
- Нүктелер көшірмесі.





«Менің сыныбым буллингке қарсы» челендж бойынша мектеп психологі А.Арын оқушылармен челлендж түсірді.
Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылар арасында «Менің сыныбым буллингке қарсы» атты челлендж бастау алды. Челлендждің мақсаты-мектепте достық пен қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне құрметпен қарауды дәріптеу, зорлық-зомбылық пен буллингтің кез-келген түріне жол бермеу.
Әр сынып өз үндеуін жолдап, бейбіт, қауіпсіз орта қалыптастыруға үлес қосуды мақсат етті.
Біз-достық пен сыйластықты таңдаған ұрпақпыз.

https://www.facebook.com/share/v/1FegLNyKRy/

Зорлық-зомбылық пен сталкингтің алдын алу!
Мектеп-лицейімізде оқушылар арасында зорлық-зомбылық пен сталкингтің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Іс-шара педагог-психолог Арын Арайлымның ұйымдастыруымен өтті. Кездесу барысында оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері, оның алдын алу жолдары, жеке қауіпсіздікті сақтау және құқықтық жауапкершілік туралы маңызды ақпараттар берілді.

Scanned with CamScanner

Сондай-ақ оқушылар өз ойларын ортаға салып, түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс шешім қабылдау, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы пікір алмасты. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз орта қалыптастыруға және зорлық-зомбылықтың алдын алуға үлкен ықпал етеді.





https://www.facebook.com/share/p/1afk6H4gjx/

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу мақсатында «Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» тақырыбында орта буын оқушылары арасында алдын-алу ағарту жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психолог А.Арын, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, аға тәлімгер А.Сманова және сынып жетекшілер қатысты.

Сонымен қатар, оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтар төңірегінде ой өрбітті.







https://www.facebook.com/share/p/1MNY9tt8nE/

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушыларды буллинг және кибербуллинг, аутодеструктивті мінез-құлықтың, ерте жүктіліктің алдын алу және оқушыларға шабыт пен алға нық қадам басу үшін күйзелістен арылуға көмек беру мақсатында «Психология әлемі» тақырыбындағы он күндіктің ашылуы болып өтті. Ашылуда метеп-лицей педагог-психологтары Ф.Жумабаева мен А.Арын мектеп ұжымы мен оқушыларға психологиялық жағымды ахуал қалыптастырып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.









https://www.facebook.com/share/v/1a9y65AWzs/

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» метеп-лицейінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2025 жылдың 21 ақпан күні «Интернеттің пайдасы мен зияны» атты тақырыпта педагог-психологтардың ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары мен түсіндіру, кең көлемде алдын-алу жұмыстары жүргізілді.

Жиналысқа мектеп-лицей директоры Л.Ө.Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психологтар Ф.Жумабаева, А.Арын және сынып жетекшілер қатысты.

«Ғаламтордың әлегі, Зияны көп пәлегі...» демекші, психолог әріптесіміз «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыпта баяндама оқып, оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, мардымды жауаптарын алды.



https://www.facebook.com/share/p/14WwwJKrhW/

Scanned with CamScanner

«Балаға жанашырлық – болашаққа жасалған қамқорлық!»

2026 жылдың 12 мамыр күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде тәуекел топтағы оқушылармен ЦПП қызметі аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп-лицейіміздің педагог-психологтары Ф.Жумабаева, А.Арын және әлеуметтік педагогтар Р.Алимбекова, Қ.Мұсақұлова жоспарға сәйкес оқушылардың психологиялық көңіл күйі мен әлеуметтік жағдайын бақылауға алып, тұрақты түрде жеке кеңестер ұйымдастыруда.

Сонымен қатар сынып жетекшілері мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларды мектеп өміріне белсенді қатыстыру бағытында түрлі тәрбиелік шаралар өткізілуде. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, отбасылық жағдайларға талдау жасалды.

Қажетті жағдайда үйге бару жұмыстары ұйымдастырылып, әлеуметтік көмек көрсету жолдары қарастырылды. Оқушыларды қоғамдық жұмыстарға, үйірмелер мен спорттық іс-шараларға тарту арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Әрбір бала – қоғамның баға жетпес байлығы. Олардың жүрегіне мейірім сыйлап, сенім ұялату, дұрыс бағыт-бағдар беру – ұстаздар мен ата-аналардың ортақ міндеті. Себебі жарқын болашақ – балаға көрсетілген шынайы қамқорлықтан басталады.


https://www.facebook.com/share/p/18zqkiFT5v/


Түркістан облыстық білім басқармасының 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №25/8097 хатына сәйкес мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға арналған деректі фильм көрсетілді.

Фильмде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себептері мен оның салдары, сондай-ақ жауапты мінез-құлықтың маңызы кеңінен қамтылды. Оқушыларға құқықтық нормаларды сақтау мен заң талаптарын орындаудың қажеттілігі түсіндірілді.

Көрсетілім барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, мазмұн тәрбиелік бағытта ұсынылды. Деректі фильм оқушыларға ерекше әсер қалдырып, олар өз пікірлерін ашық білдіріп, құқықтық сауаттылықтың қоғамдағы маңызын түсінді.

Scanned with CamScanner







https://www.facebook.com/share/p/1CUZg2qPBX/

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде әдіскерлер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, ата-аналар, сынып жетекшілер және оқушылардың қатысуымен әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен баланы қорғау, әйел-ананың рөлін нығайту, отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» республикалық акциясы аясында аймақтық семинар өз деңгейінде өтті.

Іс-шараны мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет ашып, қатысушыларға семинардың маңыздылығын атап өтті. Семинар барысында мектеп-лицейдің медбикесі К. Игиликова «Ерте жүктіліктің зардабы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады.

Сонымен қатар, 7 «А» сынып оқушыларымен М. Сатылғанова жетекшілігімен «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Педагог-психолог А. Арын «Қыздарға әсемдік жарасады» атты психологиялық тренинг ұйымдастырып, қатысушыларға пайдалы кеңестер берді.

Аймақтық семинар жұмысын Шардара аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Шамеева қорытындылап, өткізілген іс-шаралардың тәрбиелік мәніне жоғары баға берді.

https://www.facebook.com/share/p/1CdgiFp9xY/

Scanned with CamScanner

«Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың креативті тапсырмаларды жобалау әдістемесі»

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ауданның шығармашылық топ мүшелері мен аймақ мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта математика тапсырмаларды логикалық ойлауды үйрету жолдары» тақырыбында әріптестеріміз Қ.Шатаева, Ж:Шаймарданова, А.Абдиоразова және педагог-психолог А.Арын өз деңгейінде шебер-сынып өтті.

Шеберлік сабақ барысында директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары Махимова Жамила Бегайдарқызы «Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың креативті тапсырмаларды жобалау әдістемесі» бойынша мазмұнды жұмысты ұсынды. Сабақ жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үшін тәжірибе алмасу алаңына айналды.

Іс-шараның мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының математикалық тапсырмаларды орындауда логикалық ойлау дағдыларын дамыту жолдарын қарастыру, тиімді әдіс-тәсілдерді талдау және мұғалімдердің логикалық есептерді оқыту үдерісіне енгізу қабілеттерін жетілдіру болды.

Семинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Илесова Гүлжан Тұрлыбекқызы ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, шебер сынып өткен ұстаздардың іс тәжирбесі аудан және облыс аймақтарына тарату ұсынылды, семинар жоғары деңгейде өтті деп бағалады.





Scanned with CamScanner



https://www.facebook.com/share/p/1EZxWLQ88Q/

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде, аудандық білім бөлімінің тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспарына сәйкес 2026 жылғы 9 сәуір күні ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Достық пен сүйіспеншілік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде мектеп-лицей педагог-психологы А.Арын мектептерден келген қонақ оқушылармен «Адам өміріндегі достық пен сүйіспеншіліктің маңызы» тақырыбында еркін форматта ашық пікірталас өтті.

Адам өмірінде достық пен сүйіспеншілік ерекше орын алады. Бұл — адамның рухани дамуына, бақытты өмір сүруіне, қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал ететін асыл құндылықтар. Достық адамды қолдап, қиын сәтте демеу болса, сүйіспеншілік өмірге мән мен жылулық сыйлайды.





Scanned with CamScanner